

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 27 мамырдағы N 806 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 қаңтар N 96 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.10.06. N 965 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Медициналық көмекке жұмсалған шығындарды өтеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 27 мамырдағы N 806 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 24, 285-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Медициналық көмекке жұмсалған шығындарды өтеудің ережесінде:

1 - т а р м а қ т а :

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"қызметкерлердің жалақысы, оның ішінде сыйлық және материалдық көмек беру (еңбекақы төлеу қорын үнемдеу болған кезде), мерзімінен тыс жұмысқа, мереке және демалыс күндердегі жұмысқа ақы төлеу;"

оныншы және он бірінші абзацтар алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

" і с с а п а р ш ы ғы с т а р ы ;

шарт бойынша заңды және жеке тұлғалар көрсететін қызметтер көрсету, жұмыстар, оның ішінде банктік қызметтер көрсету;

медициналық автокөлік құралдарын міндетті техникалық тексеру;

ғимараттардың ішкі үй-жайларын және оларға іргелес аумақты санитарлық өңдеу, медициналық құрал-саймандарды зарарсыздандыру;

ғимаратты (объектіні) және оған іргелес аумақты күзету;

негізгі құралдар бойынша жалгерлік ақы өтеледі."

3 - т а р м а қ т а :

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"қызметкерлердің жалақысы, оның ішінде сыйлық және материалдық көмек беру (еңбекақы төлеу қорын үнемдеу болған кезде), мерзімінен тыс жұмысқа, мереке және демалыс күндердегі жұмысқа ақы төлеу;"

он бірінші және он екінші абзацтар алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

" і с с а п а р ш ы ғы с т а р ы ;

шарт бойынша заңды және жеке тұлғалар көрсететін қызметтер көрсету, жұмыстар, оның ішінде банктік қызметтер көрсету; медициналық автокөлік құралдарын міндетті техникалық тексеру; ғимараттардың ішкі үй-жайларын және оларға іргелес аумақты санитарлық өңдеу, медициналық құрал-саймандарды зарарсыздандыру; ғимаратты (объектіні) және оған іргелес аумақты күзету; негізгі құралдар бойынша жалгерлік ақы өтеледі.";

6-тармақтың бірінші абзацындағы "көмекке көзделген" деген сөздерден кейін ", шығыстар нормативтері негізінде есептелген" деген сөздермен толықтырылсын;

7 - т а р м а қ т а :

бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:
"қызметкерлердің жалақысы, оның ішінде сыйлық және материалдық көмек беру (еңбекақы төлеу қорын үнемдеу болған кезде), мерзімінен тыс жұмысқа, мереке және демалыс күндердегі жұмысқа ақы төлеу;" ;
он үшінші және он төртінші абзацтар алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

" і с с а п а р ш ы ғы с т а р ы ;

шарт бойынша заңды және жеке тұлғалар көрсететін қызметтер көрсету, жұмыстар, оның ішінде банктік қызметтер көрсету; медициналық автокөлік құралдарын міндетті техникалық тексеру; ғимараттардың ішкі үй-жайларын және оларға іргелес аумақты санитарлық өңдеу, медициналық құрал-саймандарды зарарсыздандыру; ғимаратты (объектіні) және оған іргелес аумақты күзету; негізгі құралдар бойынша жалгерлік ақы өтеледі.";

8-тармақтың жетінші абзацындағы "көмекке көзделген" деген сөздерден кейін ", шығыстар нормативтері негізінде есептелген" деген сөздермен толықтырылсын;

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі